

ӘОЖ 330.8(4/9)

Ж.Б. Момынқұлов\*, М.Т. Құрманқұлов

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

\*E-mail: janatmom@bk.ru

### Түркияның экономикасында энергетикалық стратегиялардың алатын орны

Энергетика – Түркияның аймақтық және халықаралық геосаясат пен экономикадағы орнын белгілейтін маңызды фактор. Түркияның экономикасы қаржы дағдарысына қарамастан жоғары қарқынмен дамуда. Түркия экономикасының даму қарқынын бәсеңдетпеу үшін жаңа қуат көздеріне мұқтаж. Анкара энергетиканы экспорттаудың балама жолдарын қарастыруда. Түркия энергетикалық мәселелерін оңтайлы шешу үшін Каспий теңізі аймағы мен Таяу Шығыс елдерінен шикізат тасымалдаудың әртүрлі бағыттары мен стратегияларын әзірлеуде. Егер Түркия алдағы жылдары өзінің энергетикалық қажеттіліктерін қамтамасыз ете алса, әлемнің ең күшті он экономикасының қатарына кіруі мүмкін.

**Түйін сөздер:** Түркия, Әзірбайжан, Ресей, энергетика, экономика, стратегия, жоба, нарық, қуат көздері, табиғи газ, импорттау, құбыр, мұнай, шикізат.

Ж.Б. Момынқұлов, М.Т. Курманқұлов

### Роль энергетических стратегий в экономике Турции

Энергетика является средством усиления Турции как в экономике, так и в международной геополитике. Важной предпосылкой для укрепления экономики Турции является обеспечение новых источников и маршрутов энергии. Во избежание зависимости от российских энергопоставок Турция реализует альтернативные энергетические и транспортные проекты, как, например, TANAP, BTE, Nabucco, TAP, Транскаспийский газопровод.

**Ключевые слова:** Турция, Россия, Азербайжан, энергетика, экономика, стратегия, проект, партнер, энергетические ресурсы, природный газ, нефть, трубопровод.

Zh. B. Momyнкуlov, M. T. Kurmankulov

### The Role of Energy Strategies in Turkish Economy

Energy is a very important tool for strengthening of Turkey not only in economic but also in international geopolitics. The most significant condition for boosting economy of Turkey is to secure new energy sources and strategies.. Trying to avoid to become totally depended on Russia's energy deliveries, Turkey is urged to implement new and alternative energy logistic projects. These energy projects comprise such projects like TANAP, BTE, Nabucco, TAP, Trans-Caspian pipeline.

**Keywords:** Turkey, Russia, Azerbaijan, energy, economy, strategy, project, partner, energy resources, natural gas, petroleum, pipelines.

Түркия Республикасы экономикасының кең ауқымдылығы мен сан-қырлылығы, сыртқы саясатының күрделілігі мен көп бағыттылығы

жөнінен алғанда халықаралық саясат пен дүние жүзілік экономиканың маңызды бөлшегі болып саналады. Түркия – бірнеше құрлықтардың ара-

сында орналасқан Еуразиялық мемлекет. Қазір Түркия сатып алу қабілеті жөнінен алғанда әлемнің 15 күшті экономикасы, ал жалпы ішкі өнімі (ЖІӨ) көрсеткіші бойынша 16 ел болып табылады. Түркияның экономикасында бірқатар салаларда жекешелендіру мен либералдандыру шараларының жүзеге асырылуы елдің демократия және нарықтық экономиканың заңдылықтарына сай дамуына мүмкіндік берді. 2010 жылы 8-9,2% жылдамдықпен дамыған Түркия 2011 жылдың қорытындысы бойынша Еуропаның бірінші, ал әлемнің ең жылдам дамушы (8,5%) он елінің қатарынан орын алды. Соңғы жылдары елдің ішкі сұранысы артып, экспорттардың көлемі ұлғайды.

Түрік экономикасының негізін келесі салалар құрайды. Банк, өнеркәсіп, туризм, құрылыс, текстиль, ауыл шарушылығы, тамақ өнеркәсібі, жеңіл өнеркәсіп, темір, машина жасау, мотор жасау, кеме жасау, байланыс, көлік, қызмет көрсету салалары Түрік экономикасын алға қарай сүйрейтін қозғаушы күштер. Жылдам дамып келе жатқан Түркияның экономикасы жаңа, сыртқы энергетикалық қорларға мұқтаж. Энергетика – Түркияның экономикасы, саудасы, өнеркәсібі мен сыртқы саясатының күре тамыры. Энергетика – Түркияның аймақтық геосаяси ойыншы ретінде қайта күшеюінің негіздерінің бірі. Түркия энергетика мәселесін алдағы жылдарда ұтымды шеше алса, әлемнің ең мықты он елінің қатарына күруі мүмкін. Бұл тұста, әртүрлі энергия тасымал жолдарының жетілдірілуі маңызды.

Халықаралық валюта қорымен қатар көптеген халықаралық сарапшылар Түркияның экономикасын дамушы нарықтардың қатарына жатқызады. Түркия – әлемдегі жаңадан қалыптасып келе жатқан индустриялық дамушы ел. 1995 жылдан бері Түркия Еуропа одағының Кедендік одағына мүше ел. Орталық барлау агенттігінің мәліметіне сәйкес, Түркия – дамыған ел. 2008 жылғы мәлімет бойынша, Түркияда 7,500 километр табиғи газ тасымалдайтын құбырлар торабы мен 3,600 мұнай тасымалдайтын құбырлар жүйесі жергілікті экономиканың дамуын қамтамасыз етеді [1, 4].

Түркия 2023 жылға қарай әлемнің ең қуатты 10 мемлекетінің тізіміне кіруді көздеп отыр. «Түркияның 2023 жылға дейінгі даму стратегиясына» сәйкес аталмыш ел «жаһандық мемлекетке» айналуы тиіс. Бұл жоспардың жүзеге асы-

рылуына ең басты кедергі ретінде Түркияның энергетикалық ресурстарға кедей болуын атауға болады. Сондықтан Түркия өзінің транзиттік дәліз ретіндегі рөліне арқа сүйеп, «солтүстік-онтүстік», «шығыс-батыс» бағыттарында тасымалданатын көмірсутек қорларын өз пайдасына жаратып, қалған ресурстарды өз аумағы арқылы Еуропаға жеткізу міндетін өз мойнына алғысы келеді. Анкара Ресей, Иран, Әзірбайжан, Ирак, Түрікменстан, Қазақстан сияқты «энергетикалық алпауыт елдерден» бастау алып, Батысқа қарай тасымалданатын мұнай және табиғи газ құбырларын өз аумағы арқылы өткізу үшін бұрын салып, әртүрлі стратегияларды қатар дамытуда. Түркия өзінің транзиттік мүмкіндіктерін пайдаланып, халықаралық және аймақаралық саясаттағы рөлін де нығайтқысы келеді. Анкара кез келген логистикалық мүмкіндіктерді жіберіп алғысы келмейді.

Кез келген елдің экономикасының, өнеркәсібі мен индустриясының дамуы үшін қажет етілетін алғашқы талаптардың бірі – энергетикалық шикізаттарды болуы. Энергетикалық ресурстарға ие мемлекеттер қуат көздеріне кедей мемлекеттерге қарағанда анағұрлым тиімді жағдайға ие болады. Энергия көздері кез келген елдің дамуы үшін мықты негіз.

Қазір Түркия экономикалық қуаты мен ЖІӨ жөнінен Еуропа бойынша 5-орында, Еуропа бойынша техника жасауда 4-орында, әскерді жабдықтауға бөлетін қаржы көлемі бойынша әлемде 4-орында, халқы 70 миллионнан асатын және кісі басына шаққандағы кіріс көлемі 10 мың долларды құрайтын ірі елдер арасында Түркия дүние жүзі бойынша 6 орында, НАТО бойынша 2-ші күшті армияға ие, Еуропа мен Таяу Шығыс аймағы бойынша көкөніс пен жеміс-жидек экспорттау жөнінен көшбасшы орында тұр. Түркия текстиль, құрылыс, ауылшаруашылығы, туризм, сауда, т.б. салаларда Еуропа елдерімен бәсекелесе алатын жағдайда тұр. Түркияның бастамасымен ел ішінде болсын, шетелде болсын көптеген халықаралық, экономикалық, индустриялық, энергетикалық, интеграциялық, гуманитарлық, мәдени ірі жобалар жүзеге асырылуда. Түріктің «Гаранти Банк», «Халк банк», «Коч холдинг», «Сабанджы» сияқты 10-нан астам ірі кәсіпорны дүние жүзінің ең ірі, бай және күшті компанияларының тізімінде орын алған. «Түрік әуе жолдары» компаниясы Еуропаның ең

үздік қызмет көрсететін әуе компанияларының тізіміне кірген. Стамбул миллиардерлердің саны жөнінен Нью-Йорк, Мәскеу және Токиодан кейін 30 миллиардерімен дүние жүзінде төртінші орында тұр [2, 7].

Түркия экономикасының күшеюінің астарында мықты банк жүйесі, мемлекеттік қаржы жүйесі және тиісті реформалардың жасалуы сияқты факторлар жатыр. Қазір Түркияда үнемдеу саясаты, инвестиция тарту, инвестиция салу және жеке секторды дамыту стратегиялары жүзеге асырылуда. Түркия экономикасының мәселелеріне келсек, инфляция, жұмыссыздық, ішкі нарықтың тарлығы, өсімнің тұрақсыздығы, кірістерді үйлестірудің мәселелері сияқты мәселелермен қатар, энергетикалық көздердің жеткіліксіздігін жатқызуға болады. Өйткені көптеген өндіріс орындарының жоғарғы қарқынмен дамуы үшін энергетикалық қуат көздері қажет. Бірақ энергетикалық жеткіліксіздігіне карамастан Түркия алдына үлкен мақсаттар қойып отыр. Бұл тұста Анкара өзінің дипломатиялық, дәнекерлік және транзиттік мүмкіндіктеріне сеніп, осы құралдар арқылы өзінің халықаралық саясаттағы орнын күшейтпекші.

Түркияның табиғи қазба байлықтары мен энергетикалық қорларына келсек, елде темір, көмір, мыс, хром, уран, алтын сияқты минералдар бар. Сондай-ақ су энергетикасы мен геотермалды энергия да өндіріледі. Мұнай мен табиғи газ қорларына келсек, Түркияда өндірілетін газ бен мұнай көлемі елдің қажеттіліктерін мүлдем

қамтамасыз ете алмайды. Сондықтан Түркия табиғи газ бен мұнайдың таза экспорттаушысы болып табылады. Соңғы жылдарда Түркияның Қара теңіз, Солтүстік Анатолия, Шығыс Тракия, Искендерун, Оңтүстік-Шығыс Анатолия аймағы сияқты жерлерде жаңа мұнай мен газ қорларының табылуы Түркияның сыртқы энергия көздеріне деген тәуелділігін едәуір азайтады деп күтілуде. Бірақ бұл жаңа қорлар да Түркияның қажеттіліктерін толық қамтамасыз ете алмасы анық.

Түркияға сырттан әкелінетін энергетиканың көлемі осы елдің барлық импортының бес-тен бір бөлігін (23-25%) құрайды. Яғни Түркия бюджетінің маңызды бөлігін табиғи газ, мұнай сияқты энергетиканы сырттан сатып алуға жұмсап отыр. Елде бір литр бір бензиннің бағасы 2 долларға жеткен. Сондықтан елде энергияны үнемдеу және балама қуат көздерін табу мәселелері өте өзекті. Елге импортталатын энергия көздерінің басым бөлігін табиғи газ құрайды. Бұл импорттың, яғни Түркияға тасымалданатын газдың көп бөлігін (2011 жылы 55%) Ресей газы құрап отыр. Иранға келсек, Түркияның газға деген қажеттіліктерінің 20% пайызын, ал мұнайға деген сұранысының 30-50% пайызын құрап отыр. Бірақ Түркия алдағы жылдарда Иран мен Ресейге энергетикалық тәуелділігін азайту үшін Қара теңіз аймағы, Каспий теңізі аймағы арқылы Түрікменстан, Әзірбайжан және Қазақстанның энергетикалық көздеріне қызығушылық танытып отыр.

#### Түркияның мұнай импорты (2009-2011)

Ел	2009, млн тон	Пайызы	2011, млн тон	Пайызы
Ресей	5.7	40	2.116.500	12
Иран	3.2	26	9.287.092	51
Ирак	1.7	12	3.071.477	17
Сауд Арабия	2	14	1.965.299	11
Италия			116.406	1
Қазақстан			1.185.556	7
Әзірбайжан			80.719	0
<b>БАРЛЫҒЫ</b>			<b>18.077.703</b>	<b>100</b>

Дерек: The Economic Policy Research Foundation of Turkey, TEPAV 2012

Түркияның мұрындық болуымен 2005 жылы дүние жүзінің екінші ең ұзын құбыры «Баку-Тбилис-Джейхан» құбыры ашыл-

ды. Бұл құбыр арқылы Каспийдің мұнайы Түркияның Джейхан порты арқылы Жерорта теңізінің нарықтарына жеткізіледі. Жоспарла-

ну үстіндегі «НАБУККО» жобасы да Түркия аймағы арқылы өтіп, Еуропаға Каспий табиғи газ байлықтарын жеткізуге бағытталған, бірақ демеушінің жоқтығынан әзірше тоқтап тұрған жоба. 2005 жылы іске қосылған «Көгілдір ағым» құбырлар жобасы Қара теңіз арқылы Ресейдің газын Түркияға жеткізеді. Ұзындығы 2,577 километр болатын «Табриз-Анкара» құбыры Иранның солтүстік-батысынан Түркияға табиғи газ жеткізеді. 2006 жылы келісілген «Солтүстік Кавказ» құбыры да «Иран-Түркия» құбырына жалғанып, жоспарлану үстіндегі «НАБУККО» құбырын толықтыратын болады. Алайда «НАБУККО» жайында нақты келісімдер жасалмады, қаржыландыру мәселесінде қарама-қайшы, алып қашпа әңгімелер айтылуда.

Түркияның экономикасы Еуропа Одағының экономикасымен тығыз байланысты болғандықтан, Еуропалық нарықта болған кез келген үлкен өзгеріс Түркияны айналып өтпейді. Мәселен, энергетикалық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін Еуропа мен Түркия Ресейдің табиғи газына энергетикалық тәуелділігін азайту мақсатында әртүрлі ортақ энергетикалық, логистикалық, тасымалдау жобаларын ойластыруға мәжбүр болып отыр. Атап айтар болсақ, TANAP, TAP, NABUCCO, Баку-Тбилис-Джейхан, Транскаспий құбыры, Керкук-Юмурталық сияқты жобалары арқылы Орталық Азия, Таяу Шығыс, Кавказ аймақтарының мол

энергетикалық қайнар көздерін Түркияның транзиттік дәліздері арқылы Еуропалық Одақ елдерінің нарығына жеткізу стратегиясы жүзеге асырылуда [3, 9].

Түркия – Еуропа Одағының INOGATE энергетикалық бағдарламасына мүше ел. Бұл бағдарлама энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, Еуропаның энергетикалық нарықтарын одақтың энергетикалық саясатына сәйкестендіру, энергетиканы тұрақты дамыту, энергетикалық жобалар мен ортақ аймақтық мүдделерді ескеру сияқты төрт негізден тұрады. Түркияның жаңаланатын (балама) энергия көздері Еуропаның орташа көрсеткіштерінен екі есе артық. Түркияның жаңаланатын қуат көздері елдің энергетикалық қажеттіліктерінің 25-26 пайызын құрайды. 2023 жылға таман бұл көрсеткіш 30 пайызға жеткізілуі мүмкін.

Түркия өз экономикасының жоғары қарқынмен дамуын әрі қарай қамтамасыз ету үшін көп мөлшердегі энергетикалық қорларға мұқтаж болып отыр. Түркияның өз энергетикалық қорлары жергілікті ішкі сұраныстың тек 25-27%-ын ғана қамтамасыз етсе, қалған 73-75% Ресей, Иран, Ирак, Сауд Арабиясы, Әзірбайжан, Алжир, Нигерия, Қазақстан сияқты елдерден импортталатын энергетикалық көздер құрап отыр. Түркия өзі тұтынып отырған мұнай қорының 91%-ын сырттан импорттайды, ал табиғи газ қорының 98%-ын шетелден әкеледі [4, 12].

#### Түркияның табиғи газ импорты (2010-2011, БОТАШ компаниясы)

2010 жыл	Пайызы	Млрд текше метр	2011 жыл	Пайызы	Млрд текше метр
Ресей	45.5	14.5	Ресей	55.3	21.8
Иран	25.5	7.7	Иран	21	8.3
Әзірбайжан	14.5	4.5	Алжир	10.7	4.2
Алжир	12	3.9	Әзірбайжан	9.9	3.9
БАРЛЫҒЫ: 32.4 млрд текше метр			БАРЛЫҒЫ: 39.5 млрд текше метр		
Дерек: The Economic Policy Research Foundation of Turkey, TEPAV 2012					

Түркияның энергетикалық стратегиясының басты мақсаты елдің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады. Түркияның энергетикалық саясатын үш басты бағыт бойынша топшылауға болады. Біріншіден, Түркия ішкі энергетикалық ресурстарын, атап айтсақ, көмір, көмірсутек, жаңаланатын қуат көздері, су энергетикасы сияқты қайнар көздерді пайдалануды арттыру және жергілікті нарықты либералдандыру

арқылы энергетикалық ресурстарды импорттауға деген шектес тыс тәуелділігін азайтуға ниет танытып отыр. Бұл мақсатта энергетиканың тиімділігін арттыру көзделуде. Екіншіден, Түркия импортталатын энергетика көздерінің, оларды сатып алу жолдарының, сонымен қатар тасымал жолдарының әртараптандырылуын ойластыруда. Осы саясат арқылы энергетикаға кедей Түркия аймақтың басты тиімді транзит

еліне айналып, энергетика өндіретін Шығыс пен энергетиканы тұтынатын Батыстың арасында энергетикалық дәнекер болмақшы. Үшіншіден, жалпы энергетика қоржынында ядролық қуатты пайдалану деңгейін көтеру.

Түркияның энергетикалық стратегиясының басты мақсаты өзінің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, Еуропаның да энергетикалық сұраныстарын қанағаттандыруға өз үлесін қосу. Түркияның қуат көздеріне деген қажеттіліктері жыл сайын 4-5%-ға артып келеді. Еуропада бұл көрсеткіш 1.6% шамасында. Түркия табиғи газ бен электр қуатына деген сұраныстарының артуы жөнінен дүние жүзінде Қытайдан (2011 жылы 22.6% – газ) кейінгі екінші орында тұр. 2007-2008 жылдары Түркия құрылыс жобаларының ауқымдылығы жағынан әлемде Қытайдан кейін екінші орында тұрғанын да айта кетейік. 2020 жылы Түркияның энергетикаға деген сұранысы жылына 4 пайызға өседі деп күтілуде. Сондықтан Түркия алдағы

15 жылда энергетика саласына 100 АҚШ доллар (жылына 6-8 млрд долл.) көлемінде инвестиция салмақшы [5, 2-3].

Түркия артып келе жатқан энергетикалық қажеттіліктерін қанағаттандыру және халқының өмір сүру деңгейін көтеру мақсатында бірнеше ядролық қуат өндіретін зауыттар салуды қолға алуда. Осы кезге дейін эксперименталды реакторлар құрылысының аяқталуына қарамастан ядролық өндірістің қымбаттылығы мен қауіптілігі себепті жобалар кейінге қалдырылып келді. Түркияның Мерсин облысындағы Аккуйю ауданында, Синоп облысындағы Инджебурун ауданында, Кырларели облысындағы Ййнеада ауданында ядролық қуат өндіретін зауыттардың ашылуы көзделуде. Бұл мәселеде Анкара Ресеймен арнайы келісімге қол қойды. Сонымен қатар Түркия геотермалды қуат көзін пайдалану сапасы жөнінен дүние жүзінде бесінші орынды иемденеді [6, 12].

#### Түркияның табиғи газ импорттау құбырлары және олардың өткізу қуаты

Құбырдың аталуы	Бастауы	Компания-оператор	Күн.өтк.
«Көгілдір ағым»	Ресей	«ГазПром»	1.550
«Баку-Тбилиси-Ерзурум», қысқ. БТЕ	Әзірбайжан	«Солтүстік Кавказ Құбыры Консорциумы»	820
«Табриз-Доғубаязит»	Иран	«БОТАШ»	1.930
«Бұлғария-Түркия»	Болгария	«ГазПром»	2.000

Дерек: Center for Strategic and International Studies Report, 2012

Түркияның 2010-2014 жылдарға арналған энергетикалық стратегиясында бес стратегиялық маңызды мәселе қамтылған. Оларға энергетиканы жеткізудің қауіпсіздігі, энергетикалық тиімділік, қоршаған орта, табиғи ресурстар, корпоративтік даму жатады. Соңғы кезде түрік эксперттері арасында Түркия Ресейдің табиғи ресурстарына, әсіресе газына тәуелді қатты болып кетті деген ойлар жиі айтылып жүр. Түркия Ресейге деген энергетикалық тәуелділігін мүмкіндігінше төмендетудің амалдарын іздестіріп, оған күш жұмсауда. Ресейдің Түркияға жасайтын энергетикалық ықпалы тым артып кетсе, Анкара Мәскеуге тәуелді болып кетуі мүмкін. Сол үшін Анкара Түрікменстан, Әзірбайжан, Қазақстан, Ирақ сияқты Орта Азиялық, Кавказдық және Таяу Шығыстық нарықтарды игеру мақсатында күрделі жоспарларды қамтитын әртүрлі қосымша

энергетикалық жобаларды ойластыруға, жүзеге асыруға мәжбүр.

Түркияға энергетикалық рөліне қатысты «энергетикалық транзит дәлізі», «энергетикалық хаб», «энергетикалық орталық» сияқты күрделі сипаттамалар берілуде. Түркияның энергетикалық стратегиясы мен сыртқы саясаты «үлкен тәуекел – үлкен ұтыс» деген маркетингтік формула бойынша жұмыс істеуге бейім. Сондықтан Түркия әртүрлі қатерлерді болдырмау, көршілерімен жақсы қарым-қатынаста болу, энергетика мен транзитті тиімді пайдалану стратегияларын жүргізуде. Түркияның энергетикалық саясаты мемлекеттік стратегия, аймақтық ынтымақтастық және жеке сектордың қосынды күш-жігерінен құралады. Түркия энергетиканың жетіспеушілігі мәселесін ұтымды шеше алған жағдайда алдағы жылдары ең ықпалды халықаралық ойыншылардың біріне айналуы мүмкін.



**Әдебиеттер**

- 1 Türkiye Ekonomisinin On Yılı. SETA Siyaset, Ekonomi ve Toplum Araştırmaları Vakfı 04 Mart 2013. <http://setav.org/tr/turkiye-ekonomisinin-on-yili/haber/4530>
- 2 Yusuf Yazar. Türkiye'nin Enerjideki Durumu ve Geleceği. SETA Siyaset, Ekonomi ve Toplum Araştırmaları Vakfı, www.setav.org, Aralık 2010. – Sayı 31. – S. 24 .
- 3 Türkiye'nin Enerji Görünümü. TMMOB Makina Mühendisleri Odası, Oda Raporu, Nisan. – 2012. – 242 sayfa.
- 4 Dünyada ve Türkiye'de Enerji Görünümü. TC Enerji ve Tabii Kaynaklar Bakanlığı. 2012 .
- 5 Mert Bilgin. Energy and Turkey's foreign Policy: state strategy, Regional cooperation and Private sector involvement. Turkish Policy Quarterly. Volume 9 Number 2. 2011.
- 6 Tuncay Babalı. The Role of Energy in Turkey's Relations with Russia and İnan. The Economic Research Foundation of Turkey. Center for Strategic and İnternational Studies Report. – Ankara, 29 May 2012. – P. 15.